

**«Отбасы банк» АҚ-дағы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаларынан үзінділер**

Алматы, 2023ж.

Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі мақсаты Банктің және оның лауазымды тұлғаларының, жұмыскерлерінің, қызметкерлері мен кеңес берушілерінің жоғары мінез-құлық стандарттарына бейілділігіне негізделген сыбайлас жемқорлықтан қатаң бас тарту ахуалын қалыптастыру, ашық және адал бизнес жүргізу, іскерлік беделін нығайту және Банкке деген сенімді арттыру болып табылады.

Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі міндеттері:

1) Банктің барлық жұмыскерлерін, қызметкерлері мен кеңес берушілерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға тарту;

2) лауазымдық міндеттерін не шарттық міндеттемелерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ететін Банк жұмыскерлерінің, қызметкерлері мен кеңес берушілерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

3) сыбайлас жемқорлық ықтималдығын төмендетуге бағытталған шарттық қатынастар жасау кезінде тексеру іс-шараларын жүргізу арқылы клиенттермен/ контрагенттермен шарттар жасасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу.

Банк сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шаралар мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекіту;

4) Банктің лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдауы;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Банкте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыс туралы есептілік беру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыру шараларына сәйкес Банкте сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша **Шұғыл желі** енгізілді. Шұғыл желі сыбайлас жемқорлыққа күдік, бұзушылық және фактілер туралы құпия сигналдарды алу құралы болып табылады.

Банктің Шұғыл желісі Банктің барлық жұмыскерлері, сондай-ақ Банк басшылығының назарын өздеріне белгілі ниеттерге, күдіктерге немесе сыбайлас жемқорлық жағдайларына аударғысы келетін үшінші тұлғалар үшін пайдалануға қолжетімді келесі байланыс арналарынан тұрады:

– телефон желісі; (+7 (727) 330-94-82)

– электрондық пошта жәшігі; (antifraud@otbasybank.kz)

– пошталық мекенжайы («жеке қолына» деген белгімен).

Шұғыл желінің телефон нөмірі, электрондық пошта жәшігі және пошталық мекенжайы туралы өзекті мәліметтер Банктің сыртқы Интернет-ресурсында орналастырылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған тұлғаларды қоспағанда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де түрде ықпал ететін (еткен) тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің қорғауында болады.